

## Түлкібас ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициентін бекіту туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 30 қарашадағы № 276 қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2021 жылғы 7 желтоқсанда № 25586 болып тіркелді

**ЗҚАИ-ның ескертпесі!**

**Осы қаулы 01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі.**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы (Салық Кодексі)" Қазақстан Республикасы Кодексінің 529-бабының 6-тармағына және Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылғы 12 қарашадағы № 475 бұйрығымен бекітілген Аймаққа бөлу коэффициентін есептеу әдістемесіне сәйкес (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 17847 тіркелген) Түлкібас ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Түлкібас ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын ескеретін аймаққа бөлу коэффициенті осы қаулының қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. "Түлкібас ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы қаулының Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) ресми жарияланғаннан кейін осы қаулыны Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Түлкібас ауданы әкімінің экономикалық мәселелер бойынша орынбасарына жүктелсін. .

4. Осы қаулы 2022 жылдың 1 қаңтарынан бастап қолданысқа енгізіледі.

Түлкібас ауданы әкімі

Н. Байғұт

Түлкібас ауданы әкімдігінің  
2021 жылғы 30 қарашадағы  
№ 276 қаулысына қосымша

## Түлкібас ауданында салық салу объектісінің елді мекенде орналасуын есепке алынатын аймаққа бөлу коэффициенті

№	Ауылдық округ, кент атауы	Елді мекендегі салық салу объектісінің орналасқан жері	Аймаққа бөлу коэффициенті
1	Майлыкент ауылдық округі	Т.Рысқұлов ауылы	2
2		Бақыбек ауылы	1,88
3	Састөбе кенті	Састөбе кенті	1,99

4		Ынтымақ ауылы	1,75
5	Түлкібас кенті	Түлкібас кенті	1,99
6		Иірсу ауылы	1,45
7	Ақбиік ауылдық округі	Ақбиік ауылы	1,95
8		Құлан ауылы	1,89
9		Сарытөр ауылы	1,80
10	Шақпақ ауылдық округі	Шақпақ баба ауылы	1,93
11		Разъезд 114	1,50
12	Машат ауылдық округі	Машат ауылы	1,85
13		Мынбай ауылы	1,75
14		Қызылбастау ауылы	1,55
15		Еңбек ауылы	1,65
16		Еңбекші ауылы	1,65
17	Келтемашат ауылдық округі	Кершетас ауылы	1,85
18		Келтемашат ауылы	1,85
19		Ақсай ауылы	1,45
20		Даубаба ауылы	1,60
21		Қоғалы ауылы	1,50
22		Жиынбай ауылы	1,65
23	Арыс ауылдық округі	Керейт ауылы	1,85
24		Мақталы ауылы	1,85
25		Қайыршақты ауылы	1,20
26	Балықты ауылдық округі	Балықты ауылы	1,95
27		Ұрбұлақ ауылы	1,85
28		Көкбұлақ ауылы	1,85
29		Абай ауылы	1,85
30		Шарафкент ауылы	1,85
31	Жаскешу ауылдық округі	Жаскешу ауылы	1,95
32		Пістелі ауылы	1,45
33		Жанұзақ ауылы	1,60
34		Рысқұл ауылы	1,85
35	Тастұмсық ауылдық округі	Тастұмсық ауылы	1,87
36		Аманкелді ауылы	1,83
37		Қабанбай ауылы	1,83
38		Жыланды ауылы	1,76
39		Қарабастау ауылы	1,60
40	Рысқұлов ауылдық округі	Азаттық ауылы	1,99
41		Жаңаталап ауылы	1,80
42		Шұқырбұлақ ауылы	1,85

43		Тастыбұлақ ауылы	1,78
44	Мичурин ауылдық округі	Майтөбе ауылы	1,90
45		Қожамберды ауылы	1,85
46		Таусағыз ауылы	1,85
47		Көксағыз ауылы	1,86
48	Кемербастау ауылдық округі	Кемербастау ауылы	1,87
49		Күмісбастау ауылы	1,79
50		Майлыкент ауылы	1,60
51		Разъезд 117	1,40
52		Алғабас ауылы	1,85
53		М.Жәрімбетов ауылы	1,85
54		Елтай ауылы	1,87
55	Жабағылы ауылдық округі	Жабағылы ауылы	1,86
56		Разъезд 115	1,35
57		Абайыл ауылы	1,72